



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№38-39
(19914-19915)



14 наурыз, сенбі 2020 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

● МӘЖІЛІС

САЛЫҚ ТҮСІМІНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ БӘРІ ЖАУАПТЫ

Президент тапсырмасына сай биылғы жылғы облыстың бюджет түсімін өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда кемінде 103,3%-ке көбейту міндеті тұр. Ол үшін салық түсімін кемінде 105% орындау жөнінде міндеттеме қабылдануы тиіс. Ал оны орындау оңай емес. Өйткені, салық төлеміне қатысты бірқатар өзгерістер бар. Мәселен, микро және шағын бизнесті үш жылға табыс салығынан босату туралы заңға сәйкес жеке кәсіпкерлердің табыс салығы мен әлеуметтік салықтарынан бюджеттің жоғалтатын сомасы 4 млрд теңге болып отыр. Сонымен қатар, бюджетке түсім түсіріп келген бірқатар айыппұлдар алынып тасталған. Мұнан бөлек, республикалық бюджеттен түсетін қаржы көлемі де кеміді. Қысқасы, осы түсімдердің орнын толтыру үшін 15 млрд теңге көлемінде қаржы көздерін табу міндеті тұр.

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалық етуімен өткен әкімдіктің кеңейтілген мәжілісінде талқыланған негізгі мәселе осы болды. Онда салық салу базасын кеңейту бойынша 2019 жылы атқарылған жұмыстардың нәтижесі және 2020

жылдың міндеттері жайлы облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің башысы Ғалымжан Орынов хабарлама жасады. Оның атап өткеніндей, 2019 жылғы жергілікті бюджет 105% орындалып (жоспар 56,5 млрд теңге, нақты орындалғаны

59,3 млрд теңге), 2,8 млрд теңге артығымен қамтамасыз етілді. Департамент башысы 2017-2019 жылдар аралығында түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша барлығы 5655 қатысушыға 11,4 млрд теңге қаржы берілгені туралы

деректер келтірді. Оның ішінде жаппай кәсіпкерлікті дамытуға шағын несие алушы 2901 тұлғаға 10,3 млрд теңге, мемлекеттік грант алушы 2754 тұлғаға 1,8 млрд теңге берілген. Алайда, осы бөлінген қаражаттың қайтарымы көңіл көншітпейді. Бүгінгі күнге, департамент тарапынан жүргізілген түсіндіру, салықтық бақылау жұмыстары нәтижесімен тек 71 тұлға ғана жұмысшы санын көрсете отырып, небәрі 1,9 млн теңге салығын бюджетке төледі. Ал кәсіпкерлігін уақытша тоқтатқан тұлға 88 болса, салық есептігін «0»-дік көрсеткішпен көрсеткендер саны 341 адамды құрайды.

2-бет.

Коронавирус: Үш жағдай тіркелді

Кеше Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов Қазақстанның екі азаматынан коронавирус инфекциясы табылғанын мәлім етті.

– Үш айдан бері біз коронавирусқа Қазақстанда жол бермеу бойынша көп шараны іске асырған едік. Бірақ өкінішке қарай, бірнеше рет тексергеннен кейін Қазақстанның екі азаматында коронавирус инфекциясы табылды. Біздің Алматыдағы лабораторияда Қазақстанның екі азаматынан коронавирус расталды. Олар Германиядан келгендер, – деді Елжан Біртанов ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Бас санитарлық дәрігердің қаулысымен бұл азаматтар карантиндік стационарға жатқызылған.

– Аталған азаматтар Алматы қаласындағы инфекциялық стационарда жатыр. Бұдан бұрын айтқанымыздай, елімізде коронавирус тіркелген жағдайда Үкімет жанындағы ведомстваралық комиссия қандай амалдар жасаудың іс-шаралар жоспарын бекіткен еді. «Б» жоспары күшіне енді. Бірінші пациент 9 наурызда, екіншісі 12 наурызда келген. Бортта коронавирусты жұқтырғандармен бірге болғандардың бәрі де карантинге жатқызылады. 9 наурызда бірге ұшқан 73 адамның кім екені анықталды. Олар бақылауда. Қайда екенін білеміз. Карантинге жатқызу шараларына кірістік, – деді министр.

Сонымен қатар екі қазақстандықпен ұшып келген жолаушылардың тізімі бар екенін жеткізді. 12 наурызда келген ұшақтағы 12 азамат қазіргі таңда карантинде. Барлық шара бекітілген алгоритм бойынша жүргізіліп жатыр. Коронавирус инфекциясына шалдықты деп күдіктелген адамда аурудың клиникалық белгісі жоқ. Эпидемияға қарсы барлық қажетті шара қолданылууда.

Кеше кешке қарай ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов коронавирус жұқтырған үшінші адам анықталғанын айтты.

– Тағы бір науқас анықталды, яғни үшінші науқас деп айтуға болады. Милан қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына 12 наурыз күні келді. Зертханалық сараптама бойынша коронавирустық инфекция анықталды. Бұл азамат келгенде, біздің протокол бойынша әуежайдан тікелей карантинге жатқызылды, – деді ол.

Аталған бортта 90 жолаушы болған. Оларға қатысты санитарлық шаралар іске асырылууда.

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов коронавирустан сақтану шараларын пысықтау үшін жедел отырғыс өткізді. Кеседен қорғанудың бір тәсілі – бетперде кию.

Отырсықа қатысқан кәсіпкерлік, денсаулық сақтау басқармалары, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Далатекс» тігін фабрикасы өкілдері мен жеке дәріхана иелері бір шешімге келді. Қазір «Далатекс» тігін фабрикасында тігіліп жатқан бірнеше рет пайдалануға жарайтын жеке қорғаныш бетпердесі Қызылорда қаласы және аудандардағы дәріханаларға жеткізіледі. Кешеден бастап барлық дәріханаларға 3 мың данасын жеткізу келісілді. Әрі қарай сұраныс болса, 5 мың данасын жеткізу жоспары бар. «Далатекс» тігін фабрикасы өкілінің айтуы бойынша, келесі аптадан бастап арнайы қондырғымен бір реттік бетперде шығарыла бастайды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 42-сессиясы 2020 жылғы 27 наурызда сағат 16:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылды. Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «Қызылорда облысында агроөнеркәсіп кешенін дамыту жолдары және оны жақсарту шаралары туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 106 шешімінің орындалу барысы туралы.
2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2020 жылғы 27 наурызда сағат 09:30-да, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 11:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

● АМАЛ КЕЛДІ

МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ

Бүгін таң атысымен Амал мерекесін асыға күткен әрбір отбасы дастарханын жайып, Наурыз көжесін дайындап, табалдырығын аттаған қонағына ұсынады. 14 наурыздан басталған мереке айдың соңына дейін ұласады. Дәл осы күні әр адам өзінен жасы үлкен кісілердің шаңырағына кіріп, амандасып, көріседі, барған үйіне «Бір жасыңызбен!» деп еніп, жаңа жылға аман-есен аяқ басқан жора-жолдас, туған-туысқандарын құттықтайды.



Шығыс күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы – хамал (амал) айының 1 жұлдызы. Хамал – Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады. «Наурыз» сөзі парсының «жаңа күн» дегенінен шыққаны белгілі. Ертеде бұл күнді «Наурыз» емес, «Амал» деген. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді. «Көрісудің» екінші атауы «Амал» болуының сыры осында жатса керек. Ал «Көрісу» деп аталып кетуі осы Амал мерекесінде жасалатын басты салт – көптен көрмеген жақын адамдардың кездесіп, көрісуі, өкпе-ренішке байланысты бет көріспей жүрген кісілердің кешірісіп, жүздесуінен туған болса керек.

22 наурызды бүкіл ел болып атап өтіп келе жатқанымызға 30 жылдан асқанмен, Амал мерекесі Маңғыстау, Атырау облыстарында тегіс, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының кей бөлігінде ғана аталады. Сондай-ақ бұл мерекені көршілес Ресейдің Астрахан, Саратов, Орынбор өлкесіндегі қазақтар да, Қарақалпақстанның қазақтар көп

қоныстанған өңірлері де тойлайды. Ескі жазбаларға зер салсақ, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан ауылға, үйден үйге жүріп, кәрі, жас, қатын-қалаш бәрі де маз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді... Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі» деген жазба қалған. Шәкәрім Құдайбердіұлының баласы Ахат «он төртінші март күні әкем бүгін – ескіше бірінші март, қазақша Жаңа жыл, Ұлыстың ұлы күні. Бұрынғы аты – Наурыз. Парсы тілінде жаңа күн деген сөз деп айтқаны есімде» депті. Бұл Амалды тек батыс өңіріндегі жұртшылық қана тойламағанын білдіреді.

Амал күні ағайын арасындағы ескі өкпе-реніш кешіріледі. Араздық ұмытылып, тоңның жібігеніне қуанған жұртшылықтың қуанышы айналаны мейірімге бөлейді.

Бір жасыңыз құтты болсын!

«СБ» ақпарат.

● КЕҢЕС

Биыл «Шу-Сарысу», «Оңтүстік Торғай» шөгінді алаптарын зерделеу жұмысы басталады. Ол үшін республикалық бюджеттен 1,47 млрд теңге бөлініп отыр. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен өткен жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі кеңесте игі іс кен өндіру және өңдеу көрсеткішін еселеуге жол ашатыны айтылды. Жиында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Геология комитетінің төрағасы Ақбатыр Надырбаев, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан келген Қазақстан ғылыми қауымдастығының өкілдері қатысты.

Сб Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

ЖЕР ҚОЙНАУЫ ЖЕТЕ ЗЕРТТЕЛУДЕ

– Мұнай-газ саласын дамыту төңірегіндегі аталған өзекті мәселелерді біз бірнеше жыл бойы көтеріп келдік. Соның ішінде 2019 жылғы наурызда Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында баяндалық. Нәтижесінде Үкімет Қаулысымен Қызылорда облысының кешенді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары бекітілді. Республикалық бюджет есебінен «Шу-Сарысу», «Сырдария», «Оңтүстік-Торғай» бассейндеріне жалпы сомасы 11 млрд теңге есебінен геологиялық зерттеу жүргізу туралы шешімі қабылданды, – деді аймақ башысы.

Мұнай-газ перспективалы құрылымдарын анықтау мақсатында соның екеуінде тиісті жұмыс басталып кетті. Үкімет Сырдария шөгінді алабын зерттеу үшін қаражат бөлу мүмкіндігін қарастырып жатыр. 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік геологиялық барлау бағдарламасы аясында Арал өңірі бассейні де зерделенеді. Бұл теңіздің бұрынғы түбін зерттеуге бағытталған. Бағдарлама еліміздің минералдық-шикізаттық базасын дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды және тұрақты түрде толықтырып отыруды көздейді.

Қазіргі кен орындарының тау-кен бөлінісінің тереңдігі – 1500-2000, ал іргетасының тереңдігі – 3000 метр. Жоғарғы, орта, төменгі юра және палеозой кезеңіндегі шөгінділер зерттелмеген. Осыған байланысты өндіру және барлау ұнғымаларының тереңдігін 3000 метрден арттырудың маңызы зор.

– Мысалы, «ҚуатАмлон-Мұнай» компаниясы 5000 метр тереңдікте тірек-параметрлік ұнғыманы бұрғылау үшін отнім берді. Алайда, Энергетика министрлігі тарапынан оған қолдау көр-

сетілген жоқ. Осыныша тем-реңдіктегі ұнғыманы бұрғылау мәселесі оң шешімін тапқан жағдайда компания қызметкерлерінің жалақы мәселесі де шешімін табар еді, – деді облыс әкімі.

2012 жылдан бастап өңірде мұнай өндірудің төмендеу тенденциясы анық байқалады. Жыл сайын ол орта есеппен 10-12 процентке қысқарып отыр. Соңғы жылдың өзінде 830 мың тоннаға (13 процентке), ал соңғы 7 жылда 5 млн тоннадан астам көлемге, яғни 2 есе азайды. Өйткені жұмыс істеп тұрған кен орындары сарқылтып келеді. Сондықтан жаңа мұнай кен орындарын игеру, салаға жаңа технологияларды енгізу, газ өндіру мен өңдеу мәселесі өте өзекті. Қолға алынған шаруа соны шешуге бағытталған. Оның үстіне, мұнай-газ саласын дамытуға мүмкіндік, атап айтқанда, болжам бойынша жерасты байлығының резерві жеткілікті.

Тау-кен металлургия кешенінің жұмысы – ел экономикасының, оның ішінде өңірлердің дамуын айқындайтын факторлардың бірі. Осы орайда облыста қатты минералды шикізат ресурсының болашағы зор. Мәселен, қорғасын, мырыш, кадмий, германий, алтын, күміс, селен, темір, жанғыш тақтатас, қоңыр темір, фосфорит, молибден-ванадий және цирконий-титан кендерінің қоры анықталды. Сонымен қатар, темір, фосфорит, жанғыш тақтатас, тальк, мыс, алтын кен орындары да бар. Уран мен ванадийдің де мол қоры Қызылорда территориясында шоғырланған.

Жиында сөз алған ғалымдар ең байлықты ел игілігіне жарату мүмкіндігі, оның облыс экономикасына тигізетін пайдасы туралы айтты.



ЖОСАЛЫҒА ГАЗ БЕРІЛЕДІ

Осы аптаның сәрсенбесінде облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Қармақшы ауданында жұмыс сапарымен болды. Онда бірқатар нысандарды аралап, жұртшылықпен жүздесті.

Sp Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы».

Қазір аудан аумағындағы «Қурайлы» каналына күрделі жөндеу жүргізілуде. Қайыр басып қалған каналдың егістік жерлерге су жеткізу қабілеті әбден төмендеген болатын. Бұл ұзақ жылдан бері келе жатқан проблеманың бірі еді. Осы күндері каналды тазарту шаралары қолға алынған. Құны – 168 млн теңге. Жоба бойынша 22 шақырым механикалық қазу жұмыстарын жүргізу жоспарда бар. Нәтижесінде канал 150 мың текше метр топырақтан тазартылады. Жұмысты жүргізуші – «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы.

Аймақ басшысы каналды ретке келтіру бойынша нақты міндеттерді жүктеді. Тазалау шаралары тыңғылықты, сапалы және дер уақытында атқарылуы тиіс. Ендігі кезекте шаруа қожалықтары ішкі су жолдарын тазалап, онда су өткізу қабілетін арттыруға назар аударғаны жөн. Мамандар мен шаруашылық мүшелерінің бірлескен іс-әрекеті керек.

«Қурайлы» каналы осы аумақтағы бірнеше ауыл тұрғындарының егіспен айналысуына мүмкіндік туғызады. Сондықтан механикалық тазалау жұмыстары өз деңгейінде атқарылуы тиіс. Ендігі кезекте каналдың су өткізу қабілеті артады. Бұл су көзін тиімді пайдалануға жол ашады. Осылайша ауданда аяқсу мәселесін шешуге оң ықпалын тигізеді. Есептеуімізше, канал бойында 7,1 мың гектарға жуық егістік жер бар. Оның ішінде күршіктің көлемі – 6,4 мың гектар. Сол себепті тазалау жұмыстарына шаруа қожалықтары да тартылуы керек.



Осылайша егістікке баратын су ресурстарын арттыруға әбден болады, – деді облыс әкімі.

Ауданда «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбыры өтеді. Десе де, аудан орталығына «көгілдір отын» берілмеген болатын. Ендігі кезекте жергілікті жұртшылық сол игілікке қол жеткізетін күн алыс

емес. Қазір тиісті іс-шаралар қолға алынған.

Сапар барысында облыс әкімі Жосалы кентінде орналасқан кварталшілік газ тарту жұмыстарына зер салды. Мұнда 2017-2018 жылдары «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралдық газ құбырынан 14,8 шақырым газ құбыры мен АГТС (автоматтандырылған газ тарату стансасы) орнатылған. Қазіргі таңда аудан орталығында газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Былтыр жалпы ұзындығы 160 шақырымды құрайтын ішкі газдандыру шарасы атқарылды. Жоба 2020 жылдың қазан айында аяқталады деген жоспар бар. Жобаның жалпы құны – 3 292,2 млн теңге.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин мұндағы газ жүргізу жұмысын баяндап берді.

– Аудан орталығында 160 шақырымға жуық газ құбырын жүргізу жоспарда бар. Қазір біз алғашқы үш кезектегі ГРП-ларды орнатып қойдық. Өткен жылы бұл мақсатта республикалық бюджеттен 872 млн теңге қаржы бөлінген. Қазір қаржы толық игерілді. 87 шақырым газ құбыры жүргізілді. Көктем уақытында су көлемі көбейетін болғандықтан бірінші ГРП жанынан 10 шақырым газ құбырын жүргіздік. Биылғы жылға республикалық бюджеттен қаржы қаралып тұр. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады, – деді басқарма басшысы.

Облыс бойынша қазір Қармақшы, Жалағаш және Сырдария ауданының орталықтарында «көгілдір отын» берілмеген. Жосалы



Осы орайда облыс әкімі басқарма басшысына «ҚазТрансГаз» АҚ аймақтық филиалымен келісіп, газ тарту жұмыстары аяқталған аумаққа көгілдір отын беруді тапсырды. «Көгілдір отынға» қол жеткізу – халық үшін үлкен қуаныш. Сондықтан аудан орталығы тұрғындарының бір бөлігіне тездетіп газ беру мәселесін шешуге көңіл бөлінді. Қазір газдан тыс қалып отырған үш ауданға да күзге дейін тиісті мүмкіндіктер жасалуы қажет, – деді облыс әкімі.

Сапар барысында аймақ басшысы Қармақшы аудандық электр тарату торабының да жұмысын көрді. Онда былтыр «Жосалы 220/35/10 кВ» қосалқы стансасын реконструкциялау жұмыстары басталған еді. Бүгінгі күні суға арналған резервуар, ашық тарату құрылымының ғимараты салынды. Биыл қуаты 25 МВА 220/35/10 кВ трансформатор, 6,3 МВА 35/10 кВ трансформатор орнатылып, тарату құрылысы жүргізіледі деп күтілуде. Жалпы электр тарату торабының жөндеу жұмыстары осы жылдың екінші тоқсанында аяқталмақ.

Мамандардың айтуынша, бұдан бұрынғы құрал-жабдықтар жарты ғасырға жуық пайдаланылып келген. Сондықтан бұл мәселе тұрғындар тарапынан жиі қозғалып келді. Өйткені, ескінін аты ескі.

Аймақ басшысы Қармақшы аграрлық-техникалық колледжі ғимаратында жүргізілген жөндеу жұмысында қаперге алды. Мұнда жастар тігінші, аспаз, электр жабдықтарына қызмет көрсетуші, көліктерді жөндеу шебері, электромонтер, газбен дәнекерлеуші, ауыл шаруашылығы өндірісінде тракторшы-машинист, машина мен механизмдерді пайдалану және жөндеу шебері мамандықтары бойынша білім алады.

Бұл ғимарат 1970 жылы пайдалануға берілген. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында арнаулы оқу орны ғимаратын күрделі жөндеуге 429,7 млн теңге бөлінген. Оны «Нұр Сапар 7» ЖШС өткен жылдың соңына дейін толықтай аяқтап шықты. Сондай-ақ, колледжде 150 орынға арналған жатақхана бар. Жатақхананың материалдық-техникалық базасы ескірген. Бұл бағытта облыстық білім басқармасына бюджеттік өтінім жасалған. Бүгінде оқу процесі үздіксіз жүргізілуде.

Колледж ұжымымен жүздесу барысында облыс әкімі сұранысқа сай мамандар дайындау мәселесін қозғайды. Әрбір жас азаматты белгілі бір салаға бейімдеу мақсатында қазына қазынып қаржы бөлініп отыр. Сондықтан оларды жұмыспен қамту мәселесі де алдыңғы кезекте тұруы керек. Арнаулы оқу орнында білім алған түлектер күні ертең жұмыссыздар қатарын толықтырмауы тиіс.

– Қазіргі таңда облыс көлемінде білім беріп жатқан колледж жұмыстарын зерттеудіміз. Онда бір жылда қанша түлек бітіріп шықты, олардың қаншасы еңбекпен қамтылды? Осы мәселеге назар аударылып отыр. Мәселен, ауданда қандай мамандықтарға сұраныс бар? Сол жағдайға көңіл бөлеміз. Бұл бюджеттен қаралған қаржыны тиімді пайдалануға жол ашады, – деді аймақ басшысы.

Мұнан бөлек, облыс әкімі ІІІ Интернационал ауылындағы «Абай-Дәулет» ЖШС-на қарасты егіс алқабында болды. Онда қазір бидай егу жұмыстары жүргізілуде.

САЛЫҚ ТҮСІМІНЕ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ БӘРІ ЖАУАПТЫ

Департамент мамандары өткен жылдың наурыз айында ішкі істер органдарының мәліметі бойынша 2014-2018 жылдарға, яғни соңғы 5 жылға түгендеу жұмыстарын аяқтады. Түгендеу нәтижесімен 34618 жеке тұлғаға 1,2 млрд теңге көлік салығы есептелді, оның 542 млн теңгесі өндірілді. 2019 жылы жеке тұлғалардан 1,9 млрд теңге көлік салығы түсіп, 2018 жылмен салыстырғанда 508 млн теңгеге артты, өсу қарқыны 135%-ті құрады. Ғ.Орынов өз хабарламасында 1934-1988 жылдар аралығы, яғни, пайдалану мерзімі 84 жылдан 30 жыл аралығын құрайтын 20076 көлік құралы әлі күнге дейін мемлекеттік тіркеуден шығарылмағанын айтып өтті. Олар барлық көлік санының 16%-ін құрайды. Бұлардың бір жылғы орташа көлік салығы 195-220 млн теңге шамасында. Өкінішке орай, осы көліктерді мемлекеттік тіркеуден шығару шешімін таппай отыр. Аймақ басшысы осы ретте автовәкілеттердің салығын реттеуге қатысты қала мен барлық аудан және ауылдық округ әкімдеріне тапсырма берді. Ал мемлекеттік кірістер департаменті мен полиция департаменті бірлесіп, көлік құралдарына түгендеу жүргізіп, жарамсыз және жоқ көліктерді мемлекеттік тіркеуден шығару жұмыстарын ұйымдастыруы тиіс.

Ғ.Орынов өз хабарламасында салық түсімдерін көбейтуге болатын бірқатар бағыттарды атап өтті. Қазіргі таңда облыс аумағында заманауи үлгіде салынған кәсіпкерлік нысандар көптеп бой көтерген. Аталған салық салу объектілеріне мүлік салығы да нарықтық құнға сәйкес есептелуі тиіс. Осы мақсатта, кәсіпкерлік нысандарды қайта бағалау бойынша кәсіпкерлерге арнайы түсіндірме жүргізілген. Бүгінгі күнге тек 194 кәсіпкерден бюджетке қосымша 27 млн теңге мүлік салығы ғана қамтамасыз етілді.

Алдын ала жүргізілген ішінара есептер бойынша тек 134 мейрамхана мен тойханаларға қайта бағалау жүргізілген жағдайда облыс бюджетіне қосымша 200 млн теңге көлемінде кірістер түспек. Облыс аумағында жаңадан құрылған шағын аудандарда жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің тіркелмеген жылжымайтын мүліктерін анықтап, олардың заңға сәйкес тіркелуін қамтамасыз ету де өз кезегінде салық төлемдерін арттыруға үлес қоспақ. Сол секілді ескі үйлердің орнына жаңадан тұрғызылған үйлерді анықтап, ескі бағалау құнымен қалған үйлер бойынша қайта бағалау жұмыстарын ұйымдастыру жөн. Салық базасын кеңейту бағытында облыс аумағында жұмыс істеп жатқан құрылыс мекемелеріндегі жұмысшылардың барлығы да тіркелуі тиіс. Мәселен, облыстағы бір құрылыс мекемесі екі аудандағы мектеп құрылысын жүргізген. Ал осы мекемедегі тіркелген барлық жұмысшы саны 27 адам ғана. Мұндай жұмыс күшімен екі нысан құрылысын жүргізу мүмкін емес екені белгілі.

Аймақ басшысы бұл жұмыстарды ретке келтіру тек мемлекеттік кіріс органдарының ғана міндеті емес екеніне назар аударды. Бұған барлық тиісті салалар мен жергілікті атқарушы органдар жұмыла кіріскенде ғана нәтиже шықпақ. Оның атқарылуы бірінші кезекте әкімдер үшін пайдалы, өйткені жергілікті бюджетке түсім көбейетін болады. Облыс басшысы сонымен қатар 2020 жылдың бекітілген бюджеттегі мүлік салығы 2019 жыл көрсеткішінен төмен болып жоспарлануын сынға алды. Соған сәйкес Қазылы, Жалағаш, Сырдария аудандарының әкімдеріне нақты тапсырма берді.

Бюджет қаржысы тек салықтық түсімдерден ғана құралмайды, салықтық емес түсімдер де өзіндік үлес қосатыны белгілі. Осы орайда облыс әкімі 2019 жылы жол-көлік оқиғасы 2018 жылмен салыстырғанда 30 процентке өсіп, ал бюджетке түскен әкімшілік айыппұлдар түсімі 18 млн теңгеге төмендегенін келтіріп өтті. Полиция департаменті басшысының бірінші орынбасары Шамшидин Әминов осы мақсатта көліктер жылдамдығын бақылайтын құрылғылар санын көбейту қолға алынып жатқанын баяндады.

Жиын барысында, сондай-ақ, облыстық бюджетке берешегі бар компаниялармен тиісті жұмыстар жүргізу жөнінде облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереевке нақты тапсырмалар жүктелді.

Мәжілісте ерекше назар аударылған мәселе – 4-ші деңгейлі бюджеттің төмен жоспарлануына қатысты болды. Мұндай жағдай Қызылорда қаласы мен барлық аудандағы ауылдық округтердің бюджеттерінде орын алып отыр. Бүгінде 4-ші деңгейлі бюджет аясында салықтық түсімдердің 7 түрі, салықтық емес түсімдердің 4 түрі және бюджет шығындарының 19 бағыты ауыл әкімінің иелігіне берілген. Мәселен, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жұмыс істеу, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру, әлеуметтік көмек көрсету, жарықтандыру, абаттандыру, жұмыспен қамту, автомобиль жолдарын салу, жөндеу, сумен жабдықтау жұмыстарына қаржыны аудандық, ауылдық әкімдік бөледі.

Аймақ басшысы жыл басында аудандарды аралау кезінде ауылдағы негізгі проблеманың бірі ретінде тұрғындар автомобиль жолдарын жөндеу мәселесін жиі көтергендігін айтты.

– Жаксықилыш кентінің тұрғындарымен кездесу барысында кенттің ішкі көшелерінің жолдарын жөндеуден өткізуге облыстық бюджеттен қаржы бөлу туралы ұсыныс білдірді. Алайда, 2019 жылы ауылдық округ бюджет жоспарын 5,4 млн теңгеге бекітіп, нақты 8,6 млн теңгенің түсімін түсірген. Жоспардан тыс 3,2 млн теңге түсім түссе де, кент ішіндегі жолды жөндеу мәселесі шешілмеген. Мұндай мысалдар өзге аудандарда да бар, – деді облыс әкімі.

Осы орайда аймақ басшысы Қызылорда қаласы мен барлық аудан, ауылдық округ әкімдері бюджет түсімдерін барынша дұрыс жоспарлап, ауылда жасалуға тиісті әлеуметтік бағыттар шенберінде халықтың қажеттілігін ескеруді тапсырды.

– Салық жиналса, ауылдағы әлеуметтік мәселелер шешіледі. Барлығы да ауылдың жағдайын жақсартуға бағытталады, қалай, қайда жұмсау қажеттілігін ауылдағы қоғамдық кеңеспен ақылдаса отырып, шешуге мүмкіндік бар. Енді сол шаруаны жоғары деңгейде атқару – сіздердің міндеттеріңіз. Сондықтан бұл мәселеде барлығымыз тиянақтылық танытып, аса жауапкершілікпен жұмыс жүргізуіміз қажет. Себебі оның артында халықтың өмір сүру сапасы тұр. Ал, халықтың жағдайы біз үшін қашан да басты орында, – деді мәжілісті қорытындылаған облыс басшысы.

1-бет.

АЙДАРЛЫҒА АЯҚСУ ЖЕТЕДІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Сырдария ауданында өз нәтижесін бере бастады. Тұрғындар тарапынан көтеріліп, жергілікті атқарушы билікке айтылған ұсыныс-пікірлерді орындау ауданда жүйелі жолға қойылған. Бұл көп мәселенің оңтайлы шешілуіне тікелей әсер етуде.

Айдарлы ауылы – аудан орталығынан ең шалғай орналасқан елді мекен. Ауылдық округте 308 отбасында 1750-ге жуық тұрғын тұрады. Алыс ауылдың ең өзекті мәселесі – «Ақтам» каналы арқылы келетін аяқсудың бір жүйеге келтірілуі. Яғни, каналдың сағасы бітеліп, арнасы тарылып қалған. Бұл бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселе екенін көпшілік жақсы біледі.

Өткен жылдың күз айында аудан әкімі Руслан Рүстемовтің ауыл тұрғындарымен кездесуінде де осы мәселе көтерілген болатын. Ауыл ақсақалдары аяқсу мәселесі шешілсе, тұрғындар егін егіп, кәсіппен айналысатынын айтып, жергілікті атқарушы биліктен қолдау көрсетуді сұраған еді. Сонымен қатар ауылдың бірқатар тұрғыны облыс әкімінің қабылдауында болып, тиісті жауап алған. Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен облыстық бюджеттен 28,9 млн теңге қаржы қаралып, жуырда «Ақтам» каналын тазарту жұмыстары басталды. Өткен аптаның жұмасында аудан әкімі елді мекенге арнайы барып, каналды тазарту жұмыстарының барысын танысты.

«Ақтам» каналының басында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әлімхан Баһадуров пен ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы Қожахмет Сүйіндіков болды. Ақсақалдар бұл маңға екі күнде бір келуді әдетке айналдырыпты. Мақсат – жұмыстың сапалы жүргізілуін көзбен көру, мердігер мекеме өкілдеріне ағалық ақыл-кеңестерін айтып, бағыт-бағдар беру.

– Халқымызда «Қуаныштан бөрікмізді аспанға аттым» дейтін

сөз бар ғой. Біз де каналды тазарту жұмыстары басталғанда бөрікмізді аспанға аттық. Бұл бірнеше жыл қатарынан айтып, жауыр болған мәселе еді. Биыл облыс, аудан әкімдерінің қолдауымен шешімін тапты, – деді ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы Қожахмет Сүйіндіков бізбен әңгімесінде.

– Су – тіршілік нәрі, берекенің бастауы. Тұрғындар өтініші аяқсыз қалмағанына қуанамын. Ауылға аяқсу келсе, тұрғындар егін етеді. Өнімді сатып алмайды. Сонымен бірге аяқсудың болуы экологиялық мәселенің реттелуіне де әсер етеді, – деп толықтырған ауылдық қоғамдық кеңестің төрағасы ауыл үшін маңызды мәселенің шешілуіне ықпал еткен аймақ басшысына алғыс білдірді.



Акторе ИБРАГИМУЛЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа жүйе – салаға серпін

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов қаладағы бірқатар емдеу, алдын алу ұйымдарының жұмысымен танысты.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».



Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы өңірдегі 18 жасқа дейінгі 286033 балаға стационарлық, стационар алмастыру, жедел травматологиялық және кеңес беру - диагностикалық көмек көрсетеді. 350 орындық ауруханада 12 клиникалық, 3 хирургиялық бөлімдегі және 2 параклиникалық бөлімше бар. Сонымен бірге ауысымына 300 бала қабылдайтын кеңес беру-диагностикалық бөлімшесі жұмыс істейді. Мұнда 92 дәрігер, 308 орта буын медицина кызметкері еңбек етеді. Дәрігермен қамтылу көрсеткіші 81,4 процент. 32 дәрігер республикалық орталықтарда, шетелдерде білімін жетілдірген. Емделушілер арасында ауылдық жерлерден келушілер саны 2,4 процентке өскен. Былтыр емделіп шыққан науқастардың ішінде тыныс алу жүйесіне шағымданғандар үлесі көп, яғни, 32 процентті құрады. Онан кейінгі кезекте 19 процентпен жүйке

жүйесі аурулары болса, үшінші орында жаракат пен уланулар. Сонымен бірге туа бітті ақаулармен емделгендер саны 7 процентке өскен. Үш жыл көлемінде ота саны 19 процентке өскен. Кеңес беру-диагностикалық бөлімшесінде 19 маман жұмыс істейді. Сондай-ақ, ЭКГ, УДЗ, ЭХОКГ зерттеулері бар. Аурухана - аймақтың емдеу ұйымдары кызметкерлерін «Балалық шақтағы ауруларды ықпалдастыра емдеу» курсынан өткізуші координатор. Облыс әкімінің орынбасарына аурухананың бас дәрігері Зоя Көшенова міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Айтпа кету керек, жаңа жүйемен жұмыс істеуде басым бағыттың бірі - профилактикалық шаралармен бірге оналту, қалпына келтіру емін жүргізу. Осы орайда мұнда ІІ, ІІІ кезеңді қалпына келтіру ем шаралары жүргізіледі.

Бұл үшін физиотерапия және оналту бөлімшелері жабықталған. Бөлімшеде физиомишаралары, емдік уқалау, денешынықтыру бөлмелерімен тұзды шахта, бассейн жұмыс істейді. Емделушілердің басым көпшілігі, оның ішінде неврологиялық науқастардың 80 проценті физиотерапия бөлімінде ем қабылдайды.

МӘМС жүйесінің басты мақсаты - қалпына келтіру емін күшейту. Ал жалпы медицинаның мақсаты - аурудың алдын алу. Жаңа жүйе бойынша жыл басында 60 төсектік қалпына келтіру бөлімшесін аштық. Оның 35-і жүйке жүйесі ауруларына арналса, 15-і ортопедия-травматологиялық, 5-і кардиохирургиялық, тағы 5-і нейрорхирургиялық орын. Сонымен бірге жыл басында 15 төсектік мейіркелік күтім бөлімі ашылды. Ол ауыр жағдайдағы, яғни отадан кейінгі кезеңде балғындарға күтім жасауға арналған, - деді бас дәрігер.

Облыс әкімінің орынбасары онан соң №3 қалалық емханада болды. Онда пациенттің өзіне-өзі қызмет көрсетуі үшін орнатылған терминал және «Дамумед» мобилді қосымшасының жұмысымен, сондай-ақ, МӘМС жүйесінің жүзеге асырылу барысымен танысты.

Емхана ауысымына 500 адам қабылдауға арналған. Тіркелген 63706 тұрғын 38 жалпы тәжірибелік-дәрігерлік, 5 акушерлік-гинекологиялық аймаққа бөлінген. Медициналық мекемеге «Сәулет», «Арай», «Самал», «Саяхат», «Сырдария», «Астана», «Шұғыла», «Ипподром» және «СПМК-70» шағын аудандарының тұрғындары қарайды. Емханада 105 дәрігер, 300 орта буын кызметкер жұмыс істейді.

Call-орталығындағы 4 қызметкер тұрғындар тарапынан келіп түскен қоңырауларға жауап береді. Орталық телефоны арқылы дәрігерді үйге шақыруға, дәрігер

қабылдауына жазылуға болады. Сонымен бірге МӘМС бойынша сұрақтар, шағымдар мен алғыстар да, порталға қатысты сұрақтар да қойылып, оларға жауап беріледі. Емханада пациенттердің өзіне-өзі қызмет көрсетуіне арналған 3 терминал жұмыс істейді. Терминалда барлық дәрігердің жұмыс кестесі көрсетіліп тұрады. Келуші өзі қалаған маман қабылдауына жазыла алады. Емхана бас дәрігері Гүлстан Мақсұтованың айтуынша, МӘМС жүйесі аясында ауқымды жұмыстар атқарылған. Ең бастысы, бүгінде емханаға тіркелген 63706 адамның әлеуметтік мәртебесі анықталған. Сондай-ақ, цифрландыру бағытында да бірқатар нақты жұмыстар бар.

Н.Байқадамов аймақтағы стоматологиялық көмектің қолжетімділігі, қызмет түрінің кеңеюі, алдағы жоспарлармен де танысты. Оған қоса республикалық «Әлеуметтік оналтуды дамытудың ғылыми-практикалық орталығы» облыстық филиалының жылдық жұмысын да саралады.

Аталған орталықтың негізгі мақсаты - кохлеарлы имплантталған балалардың естіп-сөйлеуін дамыту, оқыту мен тәрбиелеу. Облыста мұндай 95 бала бар. Бір жылда 50 балғын оналтудан өтіп, оң нәтижеге жеткен.

Наурызбай Сейітқалиұлы емдеу ұйымдарының жұмысына оң бағасын беріп, алдағы уақытта жаңа жүйе бойынша атқарылатын жұмыстар назарда болатынын жеткізді.

МӘМС жүйесі бойынша оналту, яғни, қалпына келтіруге басымдық беріліп отыр. Ендеше медициналық мекемелер өз жұмыстарын осыған бағыттауы керек. Бұл медициналық көмектің қолжетімділігін арттуына, сапасының жақсаруына мүмкіндік береді, - деді Н.Байқадамов.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті коронавирустық инфекцияның алдын алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрғындардың санитариялық-эпидемиологиялық сақтауына қамтамасыз ету мақсатында Сіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтау үшін келесі алдын алу шараларын ұстануыңызды сұрайды:

- вирустық аурулар белгілері бар адамдармен қарым-қатынасты болдырмау (жөтел, түшкіру, мұрын шырышты қабатының қабынуы, дене қызуының көтерілуі);
- дене қызуын күніне 2 рет мүмкіндігінше өлшеу қажет;
- тұрғын үй жайларын тәулігіне 2 рет желдету;
- тұрғын үй жайларын ылғалды жинау кезінде дезинфекциялау заттарды (құрамында хлор бар заттар, 70% спирт, сірке қышқылы, лимон қышқылы, сода) қолдану қажет;
- жеке гигиенаны сақтау (жеке сүлгі, сабын, ұстара құралдарын пайдалану және т. б.);
- қолды сабынмен жуу (әжетханаға барған, қол алысқаннан, көшеден оралғаннан кейін, сондай-ақ тамақ дайындаудан бұрын);
- қоғамдық орындарда жүргенде көз, мұрын және ауызға қол тигізбеңіз, өйткені лас қолдың жанауы вирустың шырышты қабатқа түсуіне ықпал етеді;
- адамдар көп жиналатын жерлерге барғаннан және көшеден қайтқаннан кейін мұрын мен ауыз қуысын (мұрын-жұтқыншақ) әлсіз сода ерітіндісімен шаю;
- жөтелу және түшкіру кезінде ауызды бір рет қолданылатын майлықтармен немесе ормалмен жабу, содан кейін қолды сабынмен мұқият жуу немесе спирт ерітіндісімен немесе дезинфекциялық сулықтармен өңдеу қажет, содан кейін залалсыздандыру қажет;
- қоғамдық орындарда жөтеліп немесе түшкіріп жатқан адамдармен қарым-қатынас жасамауға тырысу, мүмкін болмаған жағдайда кемінде бір метр қашықтықта дистанцияны сақтау;
- ЖРВИ белгілері пайда болған кезде (дене қызуының көтерілуі, тыныс алудың қиындауы, көбінесе құрғақ жөтел, қалтырау, денедегі қақсау, мұрын шырышты қабатының қабынуы және т. б.) үйде қалу өзін-өзі емдеумен айналыспау және міндетті түрде жедел медициналық көмек шақыру қажет;
- коронавирустық инфекция бойынша қосымша кеңесті call - орталыққа 1406 телефон нөмірі бойынша қоңырау шалып алуға болады.

Сақтық шаралары күшейтілді

Әлемді алаңдатқан коронавирус инфекциясын ДДСУ «пандемия» деп жариялауына байланысты республика көлемінде індітке қарсы сақтық шаралары күшейтіліп, аурудың алдын алу бағытында іс-қимыл жоспары жүзеге асырылуда. Осы орайда біздің өңірімізде де нақты шаралар қолға алынды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, облыс бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Абдусаметов, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова және облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетовтің қатысуымен өткен брифингте айтылды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Бүгінде әлемнің 118 елінде коронавирусы инфекциясы тіркелген. ДДСУ аталған ауруды пандемия деп жариялауына байланысты Мемлекет басшысы сақтық шараларын күшейтуге нақты тапсырмалар берді. Осыған орай облысымызда аурудың таралуын болдырмау жөніндегі санитариялық эпидемиология қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды үйлестіру мақсатында комиссия құрылды. Сондай-ақ,

ауырған немесе күдікті науқасты оқшаулау және аурудың таралуын болдырмауға бағытталған індітке қарсы шаралардың кешенді жоспары әзірленді, - деген облыс әкімінің орынбасары аурудың алдын алу мақсатында көптеген жергілікті шаралардың уақытша тоқтатылғанын жеткізді. Әлемдік эпидемия болып жарияланғандықтан, біз де тиісті шараларды жасауымыз қажет.

Наурыз мерекесіне, атаулы күндерге арналған іс-шаралардың барлығы тоқтатылады. Тек ағайын-туыс ортасында ғана тойлауға болады. Сондай-ақ, отбасылық тойларға шектеу қоя алмаймыз, бірақ, әр адам өзінің, айналасындағылардың денсаулығына деген жауапкершілігі болуы керек деп ойлаймыз, - деді Н. Байқадамов.

Мұнан бөлек, сақтық шараларын күшейту мақсатында мектептердегі сабақ тоқтатылып, 16 наурыз бен 5 сәуір аралығында оқушыларға демалыс беріледі. Ал колледж бен ЖОО студенттері қашықтықтан, яғни, онлайн оқуға көшеді.

Мектеп оқушылары көктемгі демалысқа ертерек шығады. Бірақ мұғалімдер жұмыс істей береді. Ал колледждер мен ЖОО студенттеріне онлайн дәріс жүргізіледі. Аймақтағы білім беру ошақтары, колледждер SMART NATION бірінші ақпараттық жүйесіне қосылған. Осы жүйе арқылы ұстаздар мен білім алушылар арасында байланыс орнатуға толық мүмкіндік бар. Сонымен бірге Назарбаев зияткерлік мектебіне қабылдау емтихандары да тоқтатылды. Аудандардағы орта арнаулы оқу орындары да осы жүйеге

қосылған. Балабақшалар өз жұмысын жалғастыратын болады, - деді Бағдат Бердәулетов.

Тек Наурыз мерекесін тойлау ғана емес, сонымен қатар адам көп шоғырланатын шаралардың бәріне тыйым салынды. Мәдени ошақтардағы спектакль, концерттік кештер де кейінге шегерілді.

Театрдағы қойлымдар әзірге көрсетілмейді. Бірақ артистер репертуарларына дайындық жұмыстарын жүргізе береді. Гастрольдік сапарларға да тыйым салынды. Сол сияқты алдын ала билеті сатылып қойған концерттік бағдарламалар да шегерілді, - деп атап айтты Мира Әбуова.

Аймақ медицинасы сақтық шараларына дайын. Қазіргі кезде 43 млн теңгеге медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Препараттар қоры да жеткілікті. Инфекция анықталған жағдайда қарым-қатынаста болған адамдарды бақылап-қадағалау мақсатында обсервациялық стационарлар ашылды. Шиелі ауданаралық ауруханасы, облыстық фтизиологиялық орталығының Терезөзек бөлімшесі, Қармақшы, Қазалы аудандық ауруханасында қосымша 400 орындық

провизорлық стационарлар ашылды, - деп атап өтті Жақсылық Абдусаметов.

Қоғамдық көліктер, базарлар, сауда, қоғамдық тамақтану орындары, коммуналдық шаруашылықтар жұмыстарын тоқтатпайды. Алайда санитарлық-дезинфекциялау жұмыстары күшейтіледі.

Денсаулық сақтау, ХҚКО, коммуналдық шаруашылықтар, қоғамдық көліктер, сауда, қоғамдық тамақтану орындары, қонақүйлер жұмыстарын жалғастыра береді. Бірақ санитарлық қадағалау күшейтіледі, - деді Әлия Әбдіқайымова.

Осы орайда мамандар, уайымға салынып, дүрбелең тудырудың еш қажеті жоқ екенін айтады. Тек «сақтықта қорлық жоқ» екенін ескеріп, әр адам өз денсаулығына, айналасындағы жақын-жуықтарының саулығына жауапкершілікпен қарап, қарапайым қағидаларға бағынудың, ең бастысы, жеке бас тазалығына мән берудің маңызы зор. Бұл орайда қолды әлсіз-әлсіз сабындап жуып, үй ішінде күн саулесінің молынан түсуін, ауа алмасуын қадағаласа жеткілікті. Сондай-ақ, азық-түлікті қаптап алудың да қажеті жоқ екенін айтады мамандар. Өйткені, өңірде азық-түлік қоры жеткілікті.

Infographic titled 'ЖАҢА КОРОНАВИРУС COVID-19'. It lists symptoms like cough, fever, and fatigue, and provides instructions on how to seek medical help and self-isolate. It also mentions that there is no vaccine available at the moment.

Infographic titled 'КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАНУДЫҢ ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРІ БАР?'. It provides 8 numbered steps for prevention, including hand hygiene, avoiding public places, and wearing masks.

Infographic titled 'ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР COVID-19'. It contains 8 frequently asked questions and answers regarding the virus, its transmission, and safety measures.



МҰРАҒЕР МҰЗАРТЫ

эпик жыршы, терең ғалым, берен азамат Берік Жүсіпов 50 жаста

Қазаққа өнердегі өр даусымен, ғылымдағы терең толғанысымен танымал болып, көп жыл Алматыда қызмет еткен Берік Жүсіпов 2008 жылы облыстық мәдениет басқармасының басшысы болып келді. Бұрыннан да сәлем-сауқатымыз түзу Берікпен сол күннен бастап достық қарым-қатынаста араластық. Ол Сыр елінің мәдениетін дамытуға жанын салып кірісті. Бізді журналист есебінде ұйымдастырылған іс-шараларынан қалдырған жоқ.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

Мен сол кезде Беріктен екі ерекшелікті анық аңғардым. Біріншісі, өз ісін өте қатты кадрлейтіні. Екіншісі, турашыл мінезі. Оған қай салаға да шын жаны ашитын һәм талантты жандар ұнайтын. Оларды көтермелей білетін, тіпті ауылда бұйығып жүрген талай өнерлі жасты облыс орталығына шақырып қызмет беріп, үлкен сахнаға шығарды. Бір сөзбен айтқанда, бағын ашты. Солар бүгінде халыққа танымал өнерпаздар қатарынан орын алды. Ал, мәдениет жұмысын халықтың рухани байлығы деп түсінбейтін, әйтеуір осы саланың есебін толтырып жүрген немеркелігерге қатал көрінді. Ол қай жерде болсын ақты ақ, қараны қара деп, шындықтың жүзіне тура қарады. Міне, осыны кей кісілер «жаман мінезге» жатқызды. Сонда жақсы мінез қандай болады екен? Басынан сөз асырып, бұғып қалу ма, жағалыға жағынып, шоқпарлығы бағынып, көптің мүддесін құрбан ету ме? Берік олай жасай алмайтын, өнер қиліккен жердің түйткілі тұрғанда өз мүддесін құрбандыққа шала білетін.

Берік даусын созғанда сахнадан аяғы көтеріліп тұратын жыршы болды. Өн шығару мен өлең жазуы да ешкімнен кем емес. Соларды бүгінгі күн талағамымен таразылағанда жеңілдің астымен жүрер еді, бірақ ол өзін ғылымның ауыр жолына салды. Шашылып-төгіліп жатқан ұлт мұрасын жинап-теріп ғылыми айналымға ендіріп, келешекке қалдыратын да біреу керек болатын. Берік бала кезінен халық қазынасын аршып, жиырма бес жасында ғылымға тың жаңалық ендірмесе, бұл жұмысты кім атқарар еді? Бәлкім, Сыр бойының әдеби-музыкалық фольклорын зерттеу ісі көп жылға кешеуілдер ме екен...

Қара домбыраның құлақ күйі мен қара шалдардың әңгімесін қалт жібермейтін баланың жыр, жыршылық деген асылға аңсары ауғаны соншалық, қолына қалам ұстап, осы дүлей дүниенің есігінен 12-13 жасында-ақ еніп кетті. Иығына аттың дорбасындай ауыр магнитофонды іліп алып, Сыр бойы жыршыларының даусын жазуға кірісті. Бұл оның халық мұрасын жинаудағы алғашқы қадамы еді. Осы қазір бұл сабаздың қолында екі мың сағатқа жетекебыл аудио-бейне жазба бар екен.

Өнер – Құдіреті күштінің құлына тартқан ерекше сыйы, дара дарыны. Ол үйреніп алатын асық ату емес. Саф ақындық, сара жыршылық, таза ғалымдықтың да жолы – осы. Бекеннің жыршылық өнердің жібек жібін тарқатқан алғашқы монографиясы он жеті жасында жазылып, жарық көріпті. Жақында бір ақпаратқа көзім түсті. Он жеті жастағы пәкістандық Малала Юсуфзайға Нобель сыйлығы беріліпті. Ол өз өлкесінде қыздардың білім алуына кедергі келтірмеу керектігін айтып бас көтерген. Малала бұл мәртебеге әрине, көтермелеуші халқы болғандықтан жетіп отыр. Ал, ғылымға мақала жазғып емес, бірден кітаппен келген он жеті жастағы Берікке сый тұрмақ, лайықты баға да бере алмағанымыз рас. Жүсіпов пен Юсуфзайды салыстырып көріңіз, бірі білімге, бірі ғылымға шақырып

тұр. Бұл жолға бірі батырлықпен, бірі ақылдылықпен шыққан. Айырмасы мынау дейтін нәрсе біреу, ол – еңбектің бағалануы. Бағалану демекші, Берікке атак беріле бастаса, біраз адам атакпен ойнап жүргенін сезінер еді немесе елден жүзін жасырып, теріс айналар ма екен? Қалай болғанда да адамның алған атағына лайықты болғаны абзал. Ал, бізде басқаша, қош, бұл бүгінгі тақырып емес.

Жиырма жасында Беріктің бүкіл елге күйтабағы таралды. Ол кезде мұндай дүние үкіметтің тапсырысымен Кеңес Одағы бойынша Ташкенттегі «Мелодия» фирмасынан басылып шығатын. Мұндай жетістікке халық артистері мен педагог профессорлар ғана қол жеткізетін. Күйтабаққа жазылған Нұртуған, Жиенбай, Тұрмағамбет, Омар, Жүсіптің жыр-термелері Беріктің он сегіз жасындағы орындауы еді. Сол кездің өзінде жас жыршының бір күн, бір түн айтатын жыр қоры болатын.

Берік ғылымға ешкімнің жетектеуімен келген жоқ. Оны бұл ұлы санаға жасынан құлағына құйылып, санасында жатталып қалған жыр-термелердің сарыны алып келді. Не деген ескірмейтін үн еді, не деген жаңғыра беретін күй десеңші! Ол бұл құдіретті қайдан алып тұр? Мұндай сұрақтарға ғылымға дендеп енгенде ғана жауап табылады.

Бекен тоғыз жыл оқып, консерваторияны бітіретін жылы қазақтың дәулескер күйшілерінің домбыра шанағындағы шынайы сырларын ашып, күй құдіретін ғылыми талдап-таразылап, қасқабас ғалымдарды селт еткізді. Бірақ ол осындай ірі еңбекті бір іс тындырғаны деп санамады. Оның өзіндік себебі болған. Студент кезінде музыка теориясы пәнінен сабақ беретін Сайра Аманова «Сыр бойында ән, күй жоқ, жыр ғана бар» деген пікірін айтқан-ды. Жеке өзіне емес, дәрісханада тұрып жалпыға айтылған бұл сөзге Берік келіспеді. Сонда сенімді сөйлеген студентке оқытушысы: «Сенімен келісуге болады, бірақ оны дәлелдеу керек», – деген.

Берік сол күннен бастап, өз сөзімді қайтсем де дәлелдеймін деген қайсарлықпен тың жолға түсті. Бұрын жыршылық жайын жыр етсе, енді күйшіліктің мәнін сыр етті. Бір шеті өзбек, қарақалпақ жері, бір шеті Қазақстанның батыс, Қаратау өңірі, ортасы Сыр елі – түгел қамтып, Жиделі Байсын күйлерін жинап, жүйелі зерттеу жүргізіп, ғылыми негіздеме жасады. Осы оқу құралын Заки Ахметов, Рахманқұл Бердібай, Ақселеу Сейдімбек, Серік Қирабаев, Сейіт Қасқабасов, Шәкір Ыбыраев, Зейнұр Қоспаков, Болатжан Әбілкасымов секілді серкелер М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынды.

Бұрын Қызылорда музыкалық оқу орындарының бөлімдері шәкірттеріне Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей шығармаларын орындаудан аса алмайтын. Беріктің осы оқулығының арқасында Қызылорда аймағында күйшілік өнер бар және болған деген соны түсінік қалыптасты. Бұған дейін Сыр елінің күйшілік өнеріне қатысты



Жүрекжарды жылы лебіздер

Мен қазақ күйлерін қауазы зерттеген адам ретінде мына бір жағдайды сеніммен айта аламын. Ол – Сыр бойы күйлерінің зерттеу нысанасына айналмақ түгілі, әлі толық жиналмай жүргендігі. Мына көлемді де кемел сомдалған еңбек біздің көкейіміздегі сол бір өттеген-ай деген өкінішімізді сейілтті. Қазақ күйінің құлап қалуға айналған тағы бір қабырғасы тіктелді. Берік Жүсіпов он сегіз күйші-композитордың ғұмырбаянын қайта қалпына келтіріп, алпысқа тарта күйді және олардың аңыз-әпсаналарын ғылыми айналымға түсіріп отыр. Автордың жылдар бойғы ізденісін қазіргі жас зерттеушілердің көбінде кездесе бермейтін еңбеккерлік деп бағалаған орынды. Бұл еңбекті тың дерек, соны пайымдарға құрылған күй зерттеу саласындағы жетістіктердің бірі деп айтуға лайық.

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қазақ жыршылық өнеріндегі орындаушылық үрдісті жана сапалық деңгейге найза бойы биік көтерген, құбылыс таланттың бірі – Берік Жүсіпов. Сонау бір жылдары ініміздің алғашқы шығармашылық кешіне алғасыз айттып, ақ батамды беріп, қадамына сәттілік тілегенім бар еді. Ол – қазақ жыршыларының ішінде «Сыр бойының жыр аулық-жыршылық дәстүрі» деген тақырыпта тұңғыш диссертация қорғаған, «Жиделі Байсын күйлері» деген кітабы арқылы мұрағатта жатқан Сыр бойының күйлерін алғаш жарыққа шығарып, бұл күнде «Эпикалық жыршылық: туындатпа және шығармашылық егіз қосарлану мәселесі» деген күрделі тақырыпта докторлық диссертация жазып жүрген бірегей орындаушы, ғалым.

Сыр бойының көптеген терме-толғаулары жыршы Берік Жүсіповтің орындауынан кейін сахналық сипат алып, жаппай танымалдыққа ие болды. Өз орындаушылары арасынан Берік сияқты жекелеген зерек зерттеушінің шығуы – Сыр бойы музыкалық мұраларының болашағы баянды екенінің бір айғағы.

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бір басында екі адамның өнері, бойында бес еркектің буы бар деп біздің Берікті айтуға болады.

Есенғали РАУШАНОВ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Мен қазақ арасында кең таралған жыр аулық өнерге шексіз тәттімін. Жақында біз Мұрат Мұхтарұлы бас болып, Қазақстанның делегациясымен Иранның солтүстік аудандары – Мазанджан мен Гүлстан губернияларында болып қайттық. Осы делегациямен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының докторанты Берік Жүсіпов есімді азамат та барған еді. Оның даусы микрофонсыз-ақ бір шақырым жерге еркін жетті десем, өтірік айтпаған болар едім. Соншалықты екпінді, таңғажайып дауыс.

Сафар АБДУЛЛО,
иран-парсы әдебиетінің маманы.

Бекен жиырманың ішінде-ақ қырықтағы ағалардың сөзін сөйлейтін. Қай кезде де ірі турап, ірі кескен екен. Өне бір жылы Алматыға отбасымен барғаныма Бекеннің үйінде қонақта болдық. Гүлфайруздың мол дастарханынан дәм татып отырып, ай бір әңгіме ағылды дейсің. Маралтай екеуіміз бас шұлғумен отырдық. Бекеннің мұрағат қорын көріп, керемет таңғалдым. Қазақстандағы, сыртта жүрген қазақтар арасындағы жыршы-жыраулардың бәрін дерлік іздеп тауып, туындыларын таспаға түсірген екен. Өзбекстандағы атакты Қалдаш жырауды бірнеше рет Алматыға

алдырып, жырлатыпты. Зағип жыраудың акттарыла жырлап отырған бейнесін көріп, толқып кеттім. Қызылордада облыстық мәдениет басқармасында басшы болып жүргенде сондағы жыршылардың денінің дерлік сөзін таспаға жазыпты. Маған біраз ұнтаспа сыйлады. Осы күні соларды тыңдап жатып, рақаттанамын. Сен жайында жазылар сөз, бұйырса, алда әлі.

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ,
ақын, «Ақтөбе» газетінің бас редакторы.

Әуелде шал болып туған мен білетін екі адам бар. Оның бірі – Әбіш Кекілбаев, екіншісі – біздің Берік.

Темірхан МЕДЕТБЕК,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

мақалалар жазылып, зерттеулер жасалған болатын. Алайда, бұл еңбектердің ешқайсысы ғылыми күш алып кетпеген. Ал, жас ғалым дәл сол мәселені жіліктеп шағып, жүйелеп қозғалды. Осы кешенді еңбектен соң Сыр өңірі өз күйшілерін танып, шығармаларын оркестрлерге қосты. Қызылордада жырдың ғана шырағы емес, күйдің де сарқылмайтын бұлағы бар екенін қазақ елі мойындады. Берік дәл осылай оқытушысына берген сөзін іспен дәлелдеді.

Мені қатар жүрген замандас Беріктің табандылығы тәтті етеді. Ол өзін маңдайға алған іске құлша салады. Сосын оның алғысын алып, маркайып жүреді. «Құлдай қимылдап, бидей рахаттанған» болмысы өзіне жарасып тұрады. Жақын араласқан адам біледі, көп жерде мінезінің дархан күйінен асып кете алмайды. Егер өз ойындағы нәрсеге дендеп ене алмағаныңды білсе, сөзді басқа жаққа бұрып, сені өзімен деңгейлестіріп алады. Бірде, «сеңі шығармашылық, азаматтық портретіңді қалай жасасам екен деп жүрмін» деген едім. Күрделі образды оқырманға беру тәсілін таппай біраз қиналғаным рас. «Мені өліп қалды деп ойласаң болды, еркін жазасың» деп рахаттана күлді. Оның риясыз күлкісі менің қаламымды шынымен-ақ еркінсітті. Сонша ғылымның тау қатпарларын сыйғызып жүрген кен кеудесі алдыман ақ сарайдай ашылып тұрғанда өзміңнің тар аямды танытып алғаныма қинаптай бердім. Досқа деген сондай бір сезімді кезінде өлеңмен де жеткізгенмін.

Тұлғасына қарасам батыр Берік,
Бір көргеннен кеткенмін

жақын көріп.

Төрге шықса аумады

төбе биден,

Әулетіне отырған ақыл беріп.

Кенен кеуде, көркем ой,

ғалым Берік,

Ақиқатты қорғайтын

жанын беріп.

Түн баласы түреген жүреді екен,

Құлағына Қорқыттан

сарын келіп...

Осылайша оншақты шумаққа созылатын сол өлеңімді Берік өзінің «Адырна» деген кітабына кіргізіпті. Талағамы жоғары, танымы кең адамға мадақ айту үшін оның білім биігіне шықпастан да, жан дүниесін ұға білуің маңызды.

Кейде осы Беріктің оқымаған кітабы жоқ-ау деп қаламын. Эпикалық дәстүрдің әлемдік деңгейдегі білгірі Альберт Лорд пен орыстың фольклортанушы ғалымы Борис Путиловті абазатпай айтып отырады. Абайды ақтап, Сыр сүйелерін сарыққан. «Кейде өзміңнің бейсаналы түрде жазып жатқанымды байқаймын, кейін сол ғылыми жаңалық деңгейінен көрінеді» дейді өзі. Сөз жоқ, өнер қонады. Ол Берікке қонған. Ал, енді сол өнердің қасиетін ұғыну, оны ұрпақтың бойына сіңіру жолындағы жанкешті бейнетке бару – бұл да бір жынданған адамды еркіннен тыс құлантаза емдеп шығарған бақсының әрекеті тәрізді. Оның бейсаналы дегенін мен осы мағынада түсінемін.

Берік – бойында биокуаты тасып тұратын азамат. Тағат таппайды, тыным жоқ. Егер өнер адамы болмай, кәсіп жасаса, сөзсіз қалаға мешіт, далаға егін салып жомарттығымен танылған бүгінгі байлардың алдыңғы қатарынан табылар еді. Бірақ, мен оны мұндай күйде елестете алмаймын, өйткені ол өнер үшін, ғылым үшін жаралған. Әлімсақта Алла әр пендеге бір міндет жүктейтін болса, онда Берікке осы міндет жүктелген. Мен ұнаны қиялмен емес, көзім көрген, санам қабылдаған санатта айтып отырмын.

Бар адамға бауырым деп сөйлейтін едуге келген ел азаматына айтар тілегіміз де бар. «Қазақтың күні қиген қара өлеңін шекпен



жауып өзіне қайтарған» Мұқағали секілді біздің Берік те халықтың өз қазынасын суыған құман алтынның түйіршігін іздегендей қазып алып, сол халықтың өз қамбасына қайта салып жатқан мұрагер.

Ол – бүгін арқаланған алпинист секілді жасындар ғана жарқ еткен мұзарт шыңның басына шыққан биік бейне.



Сыр саңлақтарын самғатқан

Табиғаттанушы деген бар. Әдебиеттанушы деген де бар. Арыдағы Мұхамеджан Қаратаев сынды Сыр тумаларын айтпағанда, қазір де олар ортамызда жүр. Қызылорданың өзіндегі Қорқыт ата университетінде филология ғылымдарының докторы Бағдат Кәрібозұлы, Рақымыжан Тұрысбаев сияқты белгілі әдебиеттанушылар қызмет етеді.

Қызылордада тағы бір «танушы» бар. Таланттанушы. Бұл – жаңа бағыт. Әлі де сирек құбылыс. Аз ғана адамдардың бойында бар қабілет. Өзі мамандық, сала ретінде енді қалыптасып жатыр. Соны қалыптастырғанның бірі – біздің ежелден досымыз, әріптесіміз, сырласымыз – Жағыппар Қарабала. Сырдың тумасы. Бүгінде тұлғасы.

Жалпы аймақта өмір сүргеніне қарамастан, орталықты, астананы мойындату – Сыр өңірінің қарымды қайраткерлері мен қаламгерлеріне тән. Исатай Әбдікәрімов 1978 жылы талайларды, оның ішінде саясатқа қатысты мақалалар жазуға талпынып жүрген студент бізді де таңғалдырып, сол тұста республика бойынша екінші қызмет – Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы болып шыға келген. Немесе Асқар Тоқмағамбетовті алайық. Қазақ сатирасының қолбасшысына айналуды үшін ол кісіге Алматыны жағалап, Алағадуды сағалаудың еш қажеті болмады. Сырдарияның жағасына онаша үй тігіп алып, сонда жазған сықақтары бүкіл қазақ даласын күлкіге қарық қылды. Міне, осындай ерекшелік бүгінде Жағыппар Аманжолұлы Қарабалаға тән.

Таланттанушы дегеніміздің әлемдегі атауы – продюсер. Қазақстанға XXI ғасырда жете бастаған кәсіп. Оның көшін бастағанның бірі де бірегейі Жағыппар Аманжолұлы өзін өзі даярлауды жетілдірді. Өйткені, ол журналистік мамандықты таңдаған өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасы тұрмақ, қазіргі заманның өзінде продюсер болудың арнайы оқуы жоқ.

Иә, әзірге біздің телевизия мен өнер салаларында бағытталған факультеттерде журналист, режиссер, тележүргізуші, оператор, дизайнер сынды мамандықтар оқытылады. Ал продюсер болуды өмірдің өзі үйретеді. Осылай үйреніп, өзі кемінде отыз жылдық тәжірибе жинақтаған Жағыппар Аманжолұлын қазіргі қазақ ортасындағы ең үздік продюсер, яғни таланттанушы деп санаймыз.

Еліміз енді тәуелсіздік алып жатқан тұста Қазақ телевизиясында танымал болған «Әнші балапан» бағдарламасына Қызылорда облысынан ұл-қыздарды тауып, анықтап, аудан, қала, одан облыстық електен, анығында сайыстан өткізіп ел астанасындағы қорытынды бәсекеге аттандыру – Жағыппардың продюсерлік жолындағы алғашқы қадам еді. Сол қадамда-ақ ерекше табысқа жетті. Бұл бірінші рет алтын іздеп шыққан геологтың сол алтынды бірден қолына ұстағанымен бірдей шығар.

Жағыппар Аманжолұлы сонау 1992 жылы республикалық «Әнші балапан» телевизия конкурсы үшін Қызылордадан Мәдина Сәдуақасованы әкелді. Тапсырма өзінің тікелей басшысы, сол кездегі облыстық телевизия және радио хабарлары комитетінің төрағасы Әбдіжәлел Бәкір ағасынан түседі. Қайткенде де Алматыға жас балалар атынан облыстың намысын қорғайтын әнші баруы керек. Мәдина болса бірден жарқ етіп, облыстың не, республикаға танымал болып шықты. Оның талант бұлағының көзін ашқан Жағыппар ағасы екеніне ешкімнің таласы жоқ.

Алмас Кішкенбаев та солай табылған. Ол өзін тапқан, тәрбиелеген Жағыппар ағасының сенімін ақтап, «Әнші балапан» конкурсынан республикалық Гран-при алып оралды. Одан облыстық деңгейге қайта түсіп қалмай, Париж бен Таллинге бірден қанат сермеді. Бірінде фестивальдағы айтулы әнші атанса, екіншісінде «Super Star»-дың жеңімпазы болып, шынында ең көгіндегі жаңа жұлдыз болып жарқырады.

Егер таза табыс, пайда

жеңімпаздарын жарыстырады. Бұл да ойы озық, санасы тунық, яғни ақшамен тұман-данбаған продюсердің тапқырлығы шығар. Сонда Гүлнұр үздіктердің ішіндегі үздігі атанып, Гран-приді иеленді. Кейінгі республикалық «Жас



іздеген продюсер болса екі талантты тізгінінде ұстаса жетер еді. Солардың концерттен, жарнамадан, клиптен және басқасынан түсіретін табыстарынан шөміштеп емес, шелектеп көсіп алып отыра берсе де жарасады. Тапқан, ашқан өзі. Ешкімнің дауы жоқ. Енді заңды түрде шарт жасап, қарамағына алып, әрі қарай жеке жетегінде ұстауына болар еді. Ресейде талай продюсер талай әншіге осылай істеген. Бірақ бәрі күндердің күнінде ақпарат құралдарындағы ашық даумен, тіпті жабық соттармен аяқталып жатты.

Ондайды білсе де, білмесе де Жағыппар талантты жасты заң жолымен меншіктеу әрі сол арқылы пайда табу дегенге жоламады. Қайта олардың жолдарын ашып беріп, өнер аспанына өз қолымен аттандырып жатты. «Қиналсаңдар айтыңдар, көмек беруге дайынмын» деді. Қолынан ұшқан таланттың бөріне аға болып, әке болып Қызылордасында қала берді. Бұл кезде Парламентке депутат болып кеткен Әбдіжәлел ағасының орнында өзі отырды.

Бірақ, болдым, толдым демеді. Қызылорда телевизиясында ақыл айтылатын алқалы жиынның, шашу шашылған тойдың қандайы өтпесін төрінде отыруға, бірінші сөзді беруге Әбдіжәлел Бәкірді шақыратынын өзіміз талай рет көзімізбен көрдік. Мұның аты – аға сыйлау. Бүгінгілер арасында жоғала бастаған қасиеттің бірі. Соны сақтап, ұстанып отырған Жағыппар Қарабаланы қалай құрметтемеске!

Әбдіжәлел Бәкір сынды көзі тірі ағалардан қаймықты, сөз естіп қалармын деп қорықты, сол үшін шақыратын шығар деп ойларсыз. Онда өзіміз бірнеше рет куәгер болған Жаксылық Бекқожаев, Есенгелді Шілдебаев сынды өмірден өткен телевизияның тарландарының құрметіне өткізілетін спорт турнирлеріне не дейсіз?! Демек, өткенді құрметтеу, өзіне дейінгі тұлғалардың тірі болса батасын алу, өлі болса аруағын риза ету – «Қазақстан» Республикалық телерадио корпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Жағыппар Қарабаланың қанында бар қасиет.

Енді өзіміздің сорабымызды тауып, таланттанушының одан арғы табыстарын тізбелейік. Гүлнұр Оразымбетова. Сырдария жағасынан шыққан жас толқынның тағы бір өкілі. Оны біздің филиалдың директоры Жағыппар Қарабала 13 пен 18 жас аралығындағылар үшін ұйымдастырған «Таңшолпан» конкурсында тапты. Қатысқан жылы-ақ Гүлнұр жеңімпаз атанды. Кейін осы облыстық «Таңшолпан» байқауының бес жылдығы құрметіне барлық

қанат және басқа байқаулардың жеңімпазы болып жүрген әнші қызға өзін қанаттандырған облыстық телевизияның жүлдесі бәрінен қымбат шығар деп ойлаймыз. Сол Гүлнұр жылдар жыл-жығында өзі алғаш жеңімпаз атанған «Таңшолпан» байқауы атас, тек енді республикалық арнадан шығатын бағдарламада жүргізуші болып отыр. Бойында Жағыппар ағасының тәрбиесі болғандықтан, оған таңғалудың реті жоқ.

Өмірқұл Айнаязов. Бұл – таланттанушы Жағыппар ашқан келесі қазына. Әлгі «Әнші балапан» байқауына тағы бір жылы ауыл аралап жүріп тауып келген жас өнерпазы. Телевизиядағы жарыққа қарауды да, залда отырған халыққа қарауды да оған жалықпай үйретті. «Әнші балапаннан» соң Сара Назарбаеваның қорынын қамқорлығымен өткен «Айналайын» халықаралық фестиваліне апарды. Сөйтіп Сырдан кезекті өнер сұңқары қанат қатты.

Бұл жолы да Жағыппар алдымен таланттанушы болса, одан әрі дағдысымен ұстаздық, тәлімгерлік қабілетін байқатты. Өмірқұлға «сен жазаң эстрадаға жүгенбе» деді. Сыр бойы толған жыраулар. Сол құтты өлкенің дәстүрін жалғастырып этнографияны, яғни толғауларды жаңаша орындауды тапсырды. Осылайша Өмірқұл Айнаязов этнорок жанрындағы орындаушы болып қалыптасты. Оның концерттерін телевизия арқылы насихаттады. Өйткені, Алматы мен ел астанасындағы көптеген концерттер таза эстрадалық сипатта өтіп, этнорок ескерілмей жатады. Ендеше халық Өмірқұлды тану мен өнеріне тамсану үшін телевизия төрінен көбірек орын берілісін. Бұл орайда Жағыппардың қатесіз, тура саясат ұстанғаны даусыз.

Телевизия директоры тұсауын кесіп, өнер сапарына аттандырығандардың ішінде Бибігүл Жанұзактың жөні тіпті, бөлек. Қазалы ауданындағы Урмаш Түктібаев ауылынан тауып еді. Облыстық телевизия ұйымдастыратын түрлі конкурстар туралы әр ауданның білім және мәдениет бөлімдеріне хат жолдайтын. Ондағылар «анда анау бар», «мында мынау бар» шамашарықтары келгенше ауылда жүрген жастардың, көбінесе оқушылардың аттарын атап жауап беріп жатады. Ондай жауап келген соң Жағыппардың өзі ерінбей барып талантты баланы көреді. Бибігүл де тура осылай табылды.

Оның алғаш «Қазақстан» республикалық телерадио корпорациясының Қызылорда облыстық филиалындағы байқаудан басталған жолы «Астана Операның» солісіне дейін

жалғасты. Ортада Италияның Йези мен Болон қалаларындағы опера театрларында шеберлік сыныптарынан өтті. Одан да зоры Миланда Ла Скалада әлемді мойындатқан Мирелла Френнидің шеберлік сыныбында шыңдалды. Өнердің ақ көгершінін Жағыппар ағасы ұшырып, Мирелла қабылдады. Қазірдің өзінде Бибігүл алған жүлделер оннан асады. Ғ.Жұбанова атындағы, Н.Сабитов атындағы, Ф.Шәляпин атындағы, Б.Төлегенова атындағы, М.Биешу атындағы, Ш.Қалдыаяқов атындағы қаншама фестиваль, байқауларда лауреат атанып жүр. Опера сахнасында қазақ арулары Қыз Жібектің, Сараның, Қамардың, әлемнің опералық кейіпкерлері Татьянаның, Барбаринаның, Мидидің, Манонның арияларын асқақтата айтып, рольдерін ерекше шабытпен орындауда. Өз басымыз Шәмшінің көп шырқала бермейтін «Ғашық күндер» әнін осы Бибігүл қызымыздың орындауында Астана концерт залында сүйсіне тыңдап едік. Сөзі мәнді, әуені дәмді әндерді таңдап, талғап орындауды әу-баста Жағыппар ағасы санасына сіңірген. Міне, содан Бибігүл әлі ауытқыған емес.

Тағы бір опера және балет театрында Қызылорда облыстық филиалының директоры тапқан кезекті талант ария шырқап жүр. Тахауи Рахметов. Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театры. Жетекші солист.

Осы Тахауиді алып келгенінде бұған дейін Жағыппардың алдынан шығып көрмегендер «мына қап-қара бала қалай ән айтып, жүлдиз болады, дәл осы тұста қателескен шығарсың» деген. О құдірет, біздің Жағыппар Қарабала қателеспепті. «Мұның дауысы тура Нұрғали Нүсіпжановтың жас кезіндегі дауысындай» деп өзінің байламын айтқан. Сөйтіп қап-қара баланың алдынан әппақ жарық жол ашқан. Облыстағы «Таңшолпан», республикалық «Әнші балапан» байқауларында қара бала өзін танытты. Оған атын берген Тахауи Ахтанов қазақ әдебиетінде қандай дарабоз жазушы болса, ән өнерінде жас Тахауи солай танылып жүр.

Ербол Шәріповті тауып шыққаны одан да қызық. Тура Майкл Джексонның сахнадағы «Айкөзбе жүрісін» қайталай алатын бала туралы естиді. Әнін тыңдайды. Сосын оны да кезекті байқау мен фестивальдарда жарқ еткізген. Қазір Ербол – «Азия» тобында әнші.

Түгендеп біттік пе, өзі? Жоқ. Гүлхан Сіргебаева қалып барады екен. Жағыппардың аялы алақанынан шығып, «Гүлдер» ансамблінде әнші болған Гүлхан бұл. Онда Роза Рымбаев да, Мақпал Жүнісова да, Сенбек Жұмағалиев те штаттағы әнші екенін ескергенде Сырдан ұшқан жас қарлығаштың қандай биікке бірден жеткенін байқауға болады. Гүлхан – Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі. Біз оның курстасы Дәулет Болатбаевпен қосылып орындаған «Асыл анам» әнін сүйсіне тыңдап едік.

Бір қызығы, Гүлханның әкесі мектепте Жағыппардың өзіне музыка пәнінен сабақ беріпті. Ол кісі баянда өте керемет ойнаған. Қызын қолынан жетектеп, Қызылорда облыстық телевизиясына әкелгенде Жағыппарда Гүлханды бірден байқауға қосқаннан басқа амал қалмаған. Біріншіден, ұстазының өзі сенім тапсырып тұр. Екіншіден, мынадай жас таланттың жолын байлау күнә болмақ. Өр-беріден қазактың «ізденгенге – сұрағаны» дәл келіп тұр емес пе!

Осымен санақты тоқтатайық. Сыр таланттан кенде болмаса, біздің шаршау мен шалдығуды білмейтін досымыз олардың үлкен өнер жолына аттандырудан еш танбақ емес. Өйткені, екінің бірінің басына бұйырмаған «таланттанушы» деген бақ Жағыппар Аманжолұлы Қарабаланың басында тұр.

Қайнар ОЛЖАЙ,
«Qazaqstan» Ұлттық арнасының бас редакторы
Нұр-Сұлтан қаласы.

ӘРІПТЕСТІК

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті – талай талантты шәкірттерді тұлғатты ұшырған іргелі оқу орны. Осы жерден білім алған түлектердің бірқатары шет елдерде, еліміздің әр түкпірінде белді маман болып қалыптасып, беделді қызметтер атқарып жүр. Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда оқу орнының педагогикалық ұжымы тың ізденістермен, терең шығармашылықпен еңбек етіп келеді. Соның бір көрінісі – университеттің І оқу ғимаратында, шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығында «Сыр медиа» ЖШС мен облыстық «Qyzylorda» телеарнасында қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының филиалдарын ашу мақсатында кездесу өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

Журналистер даярлаудағы жаңа бастама



Шараға республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын» газеттерінің, «QAZAQ-STAN», «Хабар», «24 kz» телеарналарының және аймақтағы «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің журналистері қатысты.

Жиында университет ректоры Бейбітқұл Кәрімова оқу орнында атқарылып жатқан жұмыстар барысынан хабарлар етті. Онда «Педагог мәртебесі» туралы заңға сәйкес университет профессор-оқытушыларының айлық жалқысы 30 процентке өскеніне тоқталды. Осы орайда бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлауда университет оқытушыларының табысты еңбегіне қолдау берілді. Ректор бұл бағытта оқу орнының түлектерін жұмыс берушілердің талабы мен сұранысына сай білікті маман

Университет профессоры Бағдат Кәрібозұлы оқу орнынан даярланып шыққан сала мамандарының елімізден асып, алыс-жақын шетелдерде абыройлы қызмет атқарып жүргенін айтты. Ал «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабала:

– Бүгінгі таңда облыстық телеарнада 100-ден астам шығармашылық мамандары болса, олардың әрбір үшіншісі – осы университеттің түлегі. Демек, бұл – журналистика саласы бойынша бәсекеге қабілетті, білікті мамандар даярлауда университет оқытушыларының табысты еңбегінің көрінісі, – деді. Әріптестік аясында атқарылатын шаралар жөнінде университеттің журналистика кафедрасының меңгерушісі Ғабит



етіп даярлау мәселесі 2020-2021 оқу жылына арналған тілім беру бағдарламаларында болып қамтылатынын атап өтті. Бұл ретте университет тарапынан кәсіби бағдар беру жұмыстарын 7-8 сыныптан бастап жүргізу бағытында арнайы Жол картасы әзірленгенін де айтты.

– Көп жағдайда мектеп түлектерінің болашақ мамандығының бейінді пәнін таңдауына 10-11-сыныптарда ғана мән беріледі. Негізінде, мамандық – әрбір жастың өмірлік таңдауы болғандықтан, мектеп оқушылары оны ерте бастап таңдап, бейімделуі керек. Сонда ғана ол өзі таңдаған мамандығының кәсіби иесі бола алады. Міне, осы жұмыстарды жүйелі, тұрақты жүргізу және оқушыларға көмек көрсету, психологиялық қолдау білдіру мақсатында арнайы Жол картасы әзірленгенін де айтты.

Кездесуде сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері, облыстық телевизияның қалыптасуында айқын қолтаңбасы бар Әбдіжәлел Бәкір Сыр өңірінің дәстүрлі журналистикада өзіндік сара жолы қалыптасқанын атап өтіп, ақпарат таратудың жаңа медиа кеңістігінде де Сыр журналистикасының әлеуеті мықты екеніне сенім білдірді.

Тұяқбаев және облыстық «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Қазыбек Ботаев пікір білдіріп, оқу орнында қолға алынған отырған жаңа бастамаларға қолдау танытып, өз ұсыныстарын ортаға салды.

Жиынның басты мақсатына сәйкес «Сыр медиа» ЖШС мен облыстық «Qyzylorda» телеарнасында университеттің қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының филиалдарын ашу мақсатындағы әріптестік меморандумға қол қойылды.

Шарада еліміздің журналистика саласында абыройлы қызмет атқарып жүрген «Айқын» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Миуа Байназар, «Qyzylorda» телеарнасының директоры Жағыппар Қарабала Қорқыт ата атындағы «Алтын медальмен», облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, «Хабар» телеарнасының облыстағы тілшісі Нұрлан Жақыпбеков «Үздік түлек» медалімен марапатталды. Ал, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Аманжол Оңғарбаев, «Қоғам ТВ» телеарнасының басшысы Тұрсынқұл Желдебаев, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев, «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Қазыбек Ботаев, «Хабар» телеарнасының тілшісі Камбар Бекенов, «Qazaqstan» телеарнасының меншікті тілшісі Әбділбек Жәкенов КМУ-дің «Құрмет грамотасын» иеленді.

Ерікті жастардың ерекше бастамалары

Еріктілер жылы аясындағы шаралар ауқымды. Олардың басым бөлігі қаржы көп шығындалатын басқосударға емес, азаматтардың жеке ниеттерін ынталандыруға бағытталып отыр. Қалалық «Qosyl» жастар ресурстық орталығы да осы істерге ұйытқы болуда. Жуырда Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев орталықтың тыныс-тіршілігімен танысып, қала еріктілерінің тың бастамаларына куә болды.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы».



Шелері үйретеді. Барлығы тегін. Мерзімінен ерте туған нәрестелерге арнап токымыз. Қазір қалалық перзентхана мен облыстық ана мен бала орталығынан сұраныс жоғары. Жалпы, мұндай көмек көрсететін еріктілер ұйымы еліміздің 13 қаласында бар, – деді Айгерім. Бұл ретте қала әкімі де еліміздің жолында жаңа жобаларды жүзеге асырудан жалықпауға шақырды. Был қала жастары үшін жаңалық көп екендігін, түрлі бағыттағы 12 әлеуметтік жоба жүзеге асырылатынын жеткізді. Кездесу соңында орталық директоры Сабыржан Кеңшілік қала әкіміне еріктілердің атынан «Қызылорда қаласы – волонтерларының жанашыры» статусына табыстады.

Шараны «Жас Сарбаз» республикалық қоғамдастық әскери-патриоттық қозғалысының облыстық жетекшісі Айдос Қожамұратов рапорт беруден бастады. Әрі қарай клуб мүшелері АҚ-74 қаруын бөлшектеп жинап, бүгінге дейін игерген әдістерін көрсетті. Мұнан соң орталық директоры Сабыржан Кеңшілік орталық базасындағы волейбол, волейбол алаңымен, кеңес беру бөлмесімен және волонтерлік ұйымдардың қызметімен таныстырды.

ларды жүзеге асырып келе жатқан ұйымдар бар. Олар қайырымдылық шараларынан қалыс қалмай, маңызды істердің басы-қасынан табылып келеді. Соның ішінде токыма киімдер токитын «28 ілмек» еріктілер клубын ерекше атауға болады, – деді орталық директоры. Иә, «28 ілмек» еріктілер клубы қызылордалықтарға бұрыннан таныс. Клуб жетекшісі Айгерім Нұрлан осыдан біраз уақыт бұрын шала туған балаларға киімдер тоқуды қолға алып, қазір осы істі ұршықша иіріп отыр. – Қатарымызда еріктілер. Тоқыма білмейтіндерге клуб мү-

Құм даланы құлпыртқан

Арал теңізі маңындағы ауылдарға барып көргендер біледі. Мұндағы жердің көп бөлігі сусыма құм, сортаң топырақ. Аптап ыстығы мен аңызақ желі тағы бар. Сондықтан бұл аумаққа жайқалып тал өсіп, қызыл-жасыл гүл ашыпты дегенге сену қиын. Бірақ құм даланы да құлпыртуға болады екен. Мұны Көкарал бөгеті салынағанда бой көтерген арнайы қалашыққа барғанда байқадық.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».



Өткен жазда ауылға барғанда қаратерендіктер аузының суы құрып айтып жүрген «құмдағы оазисті» қалайда көру керек деген ойға бекіндім. Кезінде Көкарал бөгетінің салынуына орай шетелдік маман, жұмысшыларға арнап салынған қалашықтың аумағы бұлайша гүлденеді деп кім ойлаған?! Алып гидрокұрылыс тұрғызылған уақыт қалашықтағы өмірді қызықты етіп, жанындағы ауылға да жаңалық ала келген еді.

Ал, қазір «Солтүстік Арал теңізі бөгеті және Ақлақ су торабы» өндірістік учаскесі аталатын қалашыққа кірген бетте көріп жүргеніңізден әлденеше есе үлкен сексеуіл қарсы алады. Бұтақтары тырбыған, түсі бозғылт, жапырақсыз болса да, табиғаттың туындысы таңғаларлықтай. Әрі қарай жүре берсеңіз, алқызыл гүлдер мен жап-жасыл шөп, арнайы форма бойынша өсіріліп, иілген жабайы жүзімдік, бірі аласа, бірі биік талдарды көргенде «мынау шынымен Қаратереннің маңайы ма?» дегендей, таңғалыспен қарайсың. Соның арасынан үлбіреген қып-қызыл раушан гүлдерін көргендегі сезім де бір бөлек. Бір бөлігінде қияр мен қызанақ та қылғияды. Құм даласы көрініс ертегідегі ғайыптан тайып пайда болған ғажайып бақты еске түсіреді.

қалған бөлігінде жатақхана, көлік тұрағы, токарлық, электр шехтары, архив бар. Биыл көгалдандыру аумағын ұлғайтуды жоспарлап отырмыз, бірақ Көкарал бөгет бар беткейге ережеге сай тал да, гүл де өгілмейді, – деді М.Бозғұлов. Бір қызығы, көгалдандыру – арнайы жоба емес, бөлімшенің өзіндік бастамасы. Ал, «Қазушар» РМК облыстық филиалы көктемгі көгалдандыру жұмыс-

жасап қойдық. Сыйымдылығы – 72 текше метр. Ол біразға жетеді, – деді бөлімше басшысы. Ал, мұндағы қызметкерлердің негізгі жұмысына тоқталсақ, «Солтүстік Арал теңізі бөгеті және Ақлақ су торабы» өндірістік учаскесі Кіші теңізге суды Көкарал бөгеті бойынша реттеу жұмысын атқарады. Егер теңіз суы 42 м БЖ-дан асып түссе, артық су Ұлы теңізге қарай өткізіледі. Сондай-ақ, бөлімше қызметкерлері Ақлақ су тоспасы арқылы Сырдария суының маңындағы көлдерге жеткізілуін қадағалайды. Көктемгі сең жүру маусымы аяқталған соң мамыр айынан бастап дария бойындағы 8 кіші су өткізу құрылымдары арқылы көлдерге, шабындық пен жайылымдарға су жіберіледі.

Өткен жылы өңірге сапарында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Кіші Аралды қорғап тұрған Көкарал дамбасының жағдайды дабыл көтерерлік екенін айтқан болатын. Себебі теңізге құятын Сырдария табиғи түрде өз арнасын өзгертіп, су Көкарал бөгетінен ауытқып бастаған. Егер дария суы дәл гидрокұрылымын өткізгішіне сәйкес келмесе, дамбаның жағдайына қауіп төнеді. Бөлімше жетекшісімен жолыққанымызда бұл мәселе туралы да сөз қозғаған едік.

Дария негізгі арнасынан бөлек бағытта аға бастағаны белгілі. Өзірге жаңа арнаның тұсын жауып қойдық. Мұны реттеу Үкіметтің жоспарында тұр. Экономикалық негіздемесі әзірленіп, қазіргі таңда мемлекеттік сараптаманың ор қорытындысы алынды. Егер қаржы мәселесі шешілсе, техникалық-экономикалық негізде қойылған жұмыстар атқарылады, – деді ол.

Сөз соңы. Жұмыс орны әрі жұмысшылар жатағы ретінде салынған қалашық – «САРАТ-2» жобасы басталған уақытта және кез келген төтенше жағдайда инженерлер орналасатын бірден-бір аумақ. Жазда бара қалсаңыз, гүл жайнап тұрары анық. Бастысы, бұл жер қуаң даланы гүлдендіру ниет пен еңбекке байланысты екенін дәлелдеп тұр.

Қант диабетімен толыққанды өмір сүру – оңай!

Қант диабеті - ағзаға бірқатар қауіп төндіретін ауру түрі. Диабетпен ауыратын адамға жүрек талмалары, инсулытер, онкологиялық және басқа да аурулар тікелей қауіп төндіреді. Сондықтан, олар кісі өліміне анағұрлым жиі әкеліп соқтыратын 5 себептің қатарына енеді! Қан құрамындағы глюкозаның тұрақты көбеюі: қан тамырларының бүйрек пен жүрек-қан тамырлары жүйесінің зақымдануына, зағиптық ганграна, диабеттік табан, бірнеше диабеттік қананың түріне шалдықтырады. Диабеттің 1-ші типінде инсулинді қолданбай қоюға еш мүмкіндік жоқ, десе де аурудың қарқын алуын тоқтатып, асқынуды жол бермеуге болады. Ал 2-ші типінде - қанттың деңгейін төмендетіп қана қоймай, аурудан толықтай айығуға мүмкіндік бар. Қант диабетін кешенді емдеу үшін біз жаңа «Глюкокрин» парафармацевтикалық препаратты қолдануға кеңес береміз, оны пайдаланудың бас-

тапқы кезеңінде-ақ қандағы қант деңгейі төмендеп, көмірсу алмасуы қалпына келіп, сонымен қатар ағзаның холестерин мен билурубин шығарылады. Осының есебінен, жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысы қалыпқа түсіп, ағзада майлы жасушалар саны кемиді, салмақ азаяды. Әрі қарай препараттың компоненттері жасушалар жарғақшасы арқылы өтіп, глюкозаның ішке енуіне септігін тигізетін жасушалар бетіндегі құрылымдарды қалпына келтіреді. Осылайша, ағза тіндерінің глюкозаны ұстау және өңдеу қабілеті қалпына келеді. Бір мезетте ұйқы безінің жасушалары қалпына келіп, қажетті инсулин мөлшерін бөле бастайды. Мұндай кешенді есебінен, эндокриндік жүйенің жұмысы тұрақтанады, оның орталық жүйке жүйесімен өзара байланысы жақсарып, қандағы қант деңгейі қалыпқа келіп, салмақ азаяды. Басқаша айтқанда, «Глюкокрин» препаратының көмегімен ағзаңызды айдағы жылдар бойы қорғап, қант диабеті нышан-

дарымен ғана күреспей, себебінен де құтылуға болады. Препарат өзінің тиімділігін дәлелдеп, барлық қажетті сынақтардан өткен, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданаған. Сондай-ақ, қажеттілік туған жағдайда біздің мамандар, Сіздің денсаулығыңыздың жағдайы мен ауруыңыздың сипаттамасын ескере отырып, америкалық және еуропалық препараттардан жеке курстық бағдарлама тандап, ұсына алады. Оларды біздің орталығымыз: Алматы қ., Абай даңғылы 151, «Алатау» бизнес орталығынан сатып ала аласыз, сонымен қатар, ТМД-ның кез-келген жеріне курьерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз. Негізгі әсер етуші заттар: құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: 2 капсуладан күніне 2 рет. Қажет болған жағдайда қабылдауды қайталауға болады. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емзү.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! «ГЛЮКОКРИН» КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ - 30% ЖЕҢІЛДІК!



8 727 271 97 97 телефоны бойынша немесе glucocrine.kz сайты арқылы кеңес алып, «Глюкокринге» тапсырыс бере аласыз

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналас-тырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz | www.instagram.com/syrboyikz | Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035) Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырысы бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Кезекші редактор Айдана ЖҰМАДИНОВА.